ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 тамыз №5265-24-00-2/2152 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Нұрсапа» Нұрсұлтан Бекназымұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Нұрсапа» Нұрсұлтан Бекназымұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Нұрсапа» Нұрсұлтан Бекназымұлынан мемлекет пайдасына 6 254 (алты мың екі жүз елу төрт) теңге тұрақсыздықты, 2 033 (екі мың отыз үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 12.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 11.10.2024, судья Конысбаева Д. М., 11.10.2024
5265-24-3-1/2290

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 12.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.10.2024, судья Конысбаева Д. М., 11.10.2024